



Құттықтау

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді ауданның құрылғанына 85 жыл толған мерейлі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Тереңнен сыр тартқан киелі Жалағаш өңірі ғасырлар тоғысында саналуан соқпақты жолдан өтіп, аудан халқы биыл тарихтың жаңа белесіне аяқ басып отыр.

Тарихи сонау өткен ғасырдың 30 жылдарынан бастау алған, Сырдың бір бүйірін жайлаған Жалағаш ауданы жыл сайын өсіп-өркендеп, көркейіп келеді. Батысында Қармақшы, шығысында Сырдария ауданымен, Теріскейде Ұлытау облысымен, түстігінде Өзбекстанмен шектесіп жатқан ұланбайтақ дала – біздің туған жеріміз.

Кезінде «Күріш фабрикасы» атанған ауданның негізгі шаруашылығы егін мен мал өсіру болса, күріштен тау тұрғызған, жайлауы төрт түлік малға толған аудан халқының әрқашан еңсесі биік.

Мерекелі жылды аудан еңбеккерлері мол табыспен қарсы алып отыр. Биылғы күз де Жалағаш ауданы үшін ризығы мол, берекелі, мерекелі мезгіл болды. 2024 жылдың қорытындысымен аудан агроөнеркәсіп кешені дамытуда ең жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, «Үздік аудан» номинациясына ие болды.


Бұл – аудан еңбеккерлерінің жыл бойы тынымсыз еңбегінің жемісі. Берекесі мен бірлігі жарасқан аудан халқының алар асуы, шығар биігі әлі алда. Сіздерді мерекелен құттықтай отырып, отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Ардақ ИБРАИМОВ,
Жалағаш ауданының әкімі

Белес

Жалағашым, қорғаным, тас қамалсың,
Құтты қоныс, басымдағы баспанамсың.
Күршімі, ырысы мол берекелі,
Сен менің - бас қаламсың, астанамсың!

Серік Бертмаев



Жалағаш – жарқын жобалар мекені

Сексен бес жылдық тарихы бар Жалағаш ауданында соңғы жылдары жарқын жобалар жүзеге асып келеді. Әсіресе ел ағаларының қолға алған әрбір бастамасының бүгінде ел игілігін көріп отыр. Соның арқасында ауданда, әсіресе ауылдық елді мекендерде тұралаған мәселелер шешімін табады.

Биыл 9 айда жоспарланған макроэкономикалық көрсеткіштерде де өсім қалыптасқан. Тарқатып айтсақ, өнеркәсіп өнімдерін өндіру 29,4 пайызға артып, 29 млрд 362 млн теңгенің өнімін өндірді. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібі шаруашылықтардың күрші ақтау және «Өркен Әлем» ЖШС-ның өндірген өнімі есебінен

241 пайызға артып, 9 млрд 559 млн теңгенің өнімін өндірді. Бұл 9 айлық бұл көрсеткіш 5 млрд 656 млн теңгені құраған. Осыдан-ақ өнеркәсіп өнімдерін өндіру бірізге түскенін аңғару қиын емес.

Биыл негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемінде де өсім қалыптасты, яғни 14 млрд 461 млн

теңгені құрап отыр. Ал 2023 жылы 9 айлықта бұл көрсеткіш 12 млрд 148 млн теңгені құраған. Жалпы қай саланы алып қарасақ та Жалағаштың шаруасы ширағанын аңғару қиын емес. Ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 20 млрд 659,4 млн теңгені құрады. Тұрғын үй көлеміне келсек, 17 523 шаршы метрді құрайтын

112 тұрғын үй пайдалануға берілді. Белшек сауда көлемі 2 816,8 млн теңгеге жетті. Құрылыс жұмыстарының көлемі 163,8 пайызға орындалып, 7 млрд 991,8 млн теңгені құрады.

Аудан бюджетінің жалпы түсімдер жоспары 102,7 пайызға орындалып, 8 601,7 млн теңгені құрады. Оның ішінде жергілікті кірістер есепті кезеңде 1 млрд 604,1 млн теңгені құрап, жоспар 112,8 пайызға орындалған. Биыл қазанда аудан бюджетінің шығыстар жоспары 99,9 пайызға орындалды.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ.

Құттықтау

Құрметті ағайын!
Қадірлі жерлестер!

Сіздерді Жалағаш ауданының құрылғанына 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Сыр еліндегі тамыры терең, тарихи кең, халқы ынтымақты сүйетін, еңбекті ту, бірлікті ұран өткен өңірдің бірі – Жалағаш ауданы. Сырғып аққан Сырдың бойында орналасқан осынау өлке бір кездері сайын даласына сақтарды сыйғызып, оғыздарға Отан болған.

Талай тарихты қойнауына бүгінгі Жалағаш ауданы – Серке, Бұқарбай, Келменбет, Есет сынды хас батырлар мен күллі қазақ жұртына төрелік айтқан Әбжәлі ишан, Мырзабай ахун мен Беркінбай, Мәмбет, Түмен әулиелер, қазақ халқының арда азаматы, Алаш арысы Төмірбек Жүргенов, мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті публицист Ілияс Қабылов, ғалым, фольклортанушы Мардан Байділдаев, жыр алыптары Әбділда Жүргенбаев, Төлеубай Үркімбаев, Әбдікерім Онолбаев сынды талантты тұлғаларды, Еңбек Ерлері Исатай Әбдікерімов, Алдаберген Бисенов, Несіпбай Әпірезов, Ысқақ Жолмыраев, Қазына Жүсіпова, Ұзақ Еспанов, Тұршабек Елеусінов, Имамзада Шағыртаев сынды дарабоздарды өмірге әкелген, тамырын тереңге жіберіп, өркен жайған өлке.

Мемлекет басшысының сындарлы саясатының аясында ауданымыз дамудың даңғыл жолына түсіп, халықтың әлауқатын арттыру бағытында серпінді жұмыстар атқарылууда. Жалағаш ауданының бүгінде дейін қол жеткізген жетістіктері мен табыстары жергілікті жұрттың ынтымағы мен бірлігінің айқын айғағы және еселі еңбектің жемісі деп білемін.

Ауданның 85 жылдық тарихи-шежірелі мерейтойын жоғары деңгейде атап өту – жалағаштықтар үшін зор мәртебе.

Тәуелсіз Қазақстанның дамуы жолындағы жалағаштықтардың игілікті істері табысты болсын! Мереке құтты болсын!

Өмірзақ ЕЛЕУСІНОВ,
Жалағаш аудандық
мәслихатының төрағасы

Өндіріс



Серіктестік жұмысында серпін бар

Жалағаш ауданындағы «Серпін» индустриалды аймағында орналасқан «Өркен Әлем» ЖШС әскери киімдер өндірумен айналысады. Бастапқыда үлкен өндіріс орны 24 адамды жұмыспен қамтыса, қазір мұнда 60-қа жуық жергілікті тұрғын жұмыс істейді. Мұндағы нәзікжандардың барлығы – арнайы оқудан өткен тәжірибелі маман. Олардың тасымалы да бір жүйеге келген, яғни серіктестік басшысы жұмысшылардың қатынауына бір автобусты іске қосқан.

Жақсылық Өзденбаев басшылық ететін серіктестікке 2017 жылы «СТ-KZ» сертификаты берілген. Дәл осы жылы кәсіпорында тапсырыс аясында 810 бронды кеудеше, 240 арнайы әскери киім дайындалған. Ал 2018 жылы тапсырыс көлемі ұлғайып, серіктестік 5 630 бронды кеудеше мен 1 125 каскаға арналған бүркеме шығарған. Сол уақыттан бері кәсіпорын көкжиегі кеңейіп, мұнда тапсырысты сапалы әрі уақытылы қамтамасыз ету дәстүрге айналған.

Жалпы құны 38,2 млн теңгені құрайтын бұл жобаның болашағы жарқын. Себебі соңғы жылдары мұнда өндірілетін өнім түрі мен санында өсім қалыптасқан. 2019 жылы 11 мың каскаға арналған бүркеме әзірлеген серіктестік ұжымы қазір қасканы толықтай өздері өндіреді. Себебі «Өркен Әлем» ЖШС әскери каска өндіретін Оңтүстік Кореялық алып аппаратты бірнеше жыл бұрын іске қосты.

Жақсылық Өзденбаев бүгінде кәсіпорынның соңғы үлгідегі заманауи аппараттармен жарақаттан. Нәтижесінде се-

ріктестікте жұмысшылар қатары артып, өнім көлемі де айтарлықтай ұлғайған.

Бүгінде Қазақстан бойынша арнайы әскери киімдер шығаратын цех 3 аймақта бар. Ал еліміз бойынша салаға қажетті киімдердің барлық түрін өндіретін жалғыз кәсіпорын осы «Өркен Әлем» ЖШС екенін де айта кеткен жөн. Қазір серіктестік ұжымының күнделікті жұмысын көрген көз сүйсінеді. Мұнда негізінен шикізат Ресей мен Хорватиядан жеткізіледі. Серіктестік бронды кеудеше, каскадан бөлек қатты соққыға, жарықшаққа және оққа қарсы шлемнің бірнеше түрін шығарады.

Айта кетейік, «Серпін» индустриалды аймағында орналасқан кәсіпорында газ-тұмшылдырық, бронды кеудеше, жалпы әскери қорғаныш жамылғысы және шлем, парашют, каскаға арналған бүркеме мен арнайы әскери киімдер өндіру жұмыстары бір жүйеге келген. Тапсырысты орындауға қажетті шикізат қоры да толықтай жеткілікті.

Бастапқыда әскери киімнің санаулы түрін өндіруді қолға алдық. Уақыт өте

кәсіпорын көкжиегі кеңейіп, өнім түрі мен санында өсім қалыптастырдық. Мұндағы құрылыстардың барлығы заманауи аппарат. Өріпестеріміздің барлығы арнайы оқудан өткен тәжірибелі маман. Сондықтан олардың еңбегін жоғары бағалаймын. Қажетті шикізатты толық жеткізіп алдық, – дейді Жақсылық Өзденбаев.

Іскер азаматтың мұндағы мамандардың еңбегін жоғары бағалайтынын біз де байқадық. Серіктестік іске қосылғалы жыл қорытындысымен өндіріс ошағындағы еңбеккерлерге 2 айлық жалақы көлемінде сыйақы беруді кәсіпорын басшысы дәстүрге айналдырған. Ал еңбеккерлер айлық жалақылары уақытылы берілетінін айтып отыр.

Кәсіпорында бірнеше жылдан бері жұмыс жасайтын тәжірибелі маман Алтынәлі Әлібаеваның сөзінше, өндіріс ошағында тапсырысты уақытынан кеш орындау болмайды. Сондай-ақ цех меңгерушісі әсіресе мұндағы қызу еңбек жаз айларында басталатынын айтады.

– Серіктестіктегі барлық маман ар-

найы оқудан өткен, сондықтан бізде тапсырысты уақытынан кеш орындау бүгінге дейін мүлде орын алған жоқ. Алдағы уақытта да оған жол бермейміз. 2021 жылы 880 бронды кеудеше, 10 мың жалпы әскери қорғаныш жамылғысын, 1 500 шлем және басқа да әскери киімдер өндірілді. Одан бері де тапсырысты уақытылы әрі сапалы орындап келеміз. Кәсіпорында өндірілген өнім әскери салаға қажетті, сондықтан біз мейлінше сапаға мән береміз. Мәселен, касканың ішінде бірнеше қабаттан тұратын қалың материалдың тігісі бірінше кейін бірі қатар орналаспауы қажет. Қатты материалдың өзі осындағы арнайы заманауи кескіш құралымен бөлінеді және оны 20-25 қабаттап касканың ішіне орналастырамыз. Әр маманның өзіне жүктелген міндеті бар. Жұмыс таңертең 9:00-де басталады. Биылғы жылды да жақсы нәтижемен қорытындылауды жоспарлап отырмыз, – дейді цех меңгерушісі Алтынәлі Әлібаев.

Серіктестік басшысының өлі де жоспары көп. Әсіресе біз іскер азаматтың «Кәсіпорын көкжиегін кеңейтіп, жұмысшылар санын арттырмасам, ашылған жұмыс орнын қысқартуға жол бермеймін» деген мақсатына риза болдық. Соңғы жылдары мұнда әскери салаға қажетті киімнің басқа да түрлері өндірілуде. Он жылдықта өндірісі өрге басқан «Өркен Әлемнің» бүгінгі шаруасы ширақ.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Аңдатпа



Жалағаш атауы қайдан шыққан?

Жалағаш ауданының атауы жайлы өртүрлі дерек бар, біз оның ешқайсысын жоққа шығара алмаймыз. Тарихы тереңнен бастау алатын аудан атауы жөнінде қолдағы деректермен зерттеу жұмыстарын жүргізіп, талдау жасадық. Өңір тарихы жайындағы мақаламыз көзіқарақты оқырманға жол тартты.

Ел аузында...

Жалағаш атауы қайдан шыққан?



Жалағашқа келген қонақтардан, өзге өңірдің тұрғындарынан «Неге жер атауы Жалағаш?» деген сұрақты жиі естиміз. Шынында, бала кезімізде ата-әжемізге өзміз де осы сұрақты қойып, жауап іздейтінбіз. Жалпы туған жеріміздің Жалағаш атауында бірнеше тарихи нұсқа болса керек.

Тарихқа көз жүгіртсек, Сыр бойында ірі қалалардың көп болғаны бәрімізге мәлім. Сырдың ең көне шаһарларының бірі Шірік-Рабат, шетел ғалымдары қызығушылық танытқан Жанкент, Алтын Орда дәуірінен сыр шертетін Сығанақ, Қазақ АКСР астанасы атанған Ақмешіт қазақ өмірінде ерекше рөл атқарған тарих беттерінде өзіндік орны бар қалалар болды. Мәселен, заманында дүркіреген Жанкентте Қорқыт ата, Алтын Орда, Ақ Орда хандарының байтақ жері болған Сығанақта Тоқтамыс хан, Мүбәрак хан, Дешті Қыпшақтың соңғы атақты ханы Өзбек хандығын билеуші,

көшпелі қыпшақтардың ханы Әбілқайыр хан өмір сүрген. Сондай-ақ Сығанақ Қазақ хандығының алғашқы астанасы болғанын да ұмытпауымыз керек.

Сыр бойының бас шаһары — бүгінгі Қызылорданың әу бастағы Қамысқала болған. Сырдария өзенінің жағалауы бір кездері ит тұмсығы батпайтын ну қамыс болған деседі. Тіпті сол қалың қамыс тарғылтонды жолбарыстарға да мекен болған деген аңыз бар. Сыр бойында сонау 1920 жылдан құрыла бастаған болыстықтар, соның негізінде ұйымдастырылған аудандар бірде қосылып, бірде

таратылып келген. Солардың бірі — тарихы тереңнен тамыр тартқан Аламесек болысы, соның негізінде аудан болған Аламесектің 1939 жылы құрылған Жалағаш ауданының бастауы болғандығы.

Кеңестік кезеңнің алғашқы жылдарында Түркістан республикасының құрамындағы Сырдария облысына Перовскі және Қазалы уездері қараған. Сырдария облыстық әскери революциялық комитетінің 1920 жылдың 2 қаңтардағы шешімімен уездік, болыстық ревком тұрағаларының және 1920 жылы 2 шілдедегі Перовскі уездік кеңес, жұмысшы, солдат, шаруалар мен

мұсылман депутаттарының қаулысымен 24 болыстық құрылады. Қазіргі Қызылорда облысының Жалағаш ауданына Жалағаш, Байзақ, Қаракөл-Қуандария, Қостам, Аламесек, Қышбөгет, Шаған, Көткеншек болыстықтары кіреді. 1922 жылдың 25 сәуірінде Перовскі уезі Ақмешіт уезі болып аталды. 1924 жылдың 27 қазанда Бүкілодақтық атқару комитетінің шешімімен Орта Азия Республикаларының өзара бөлінісі бекітілген. Осының негізінде Сырдария облысы түгелдей Қазақстанға берілді. Оның ішінде Ақмешіт пен Қазалы уездері де бар. Осы жылдың 12 желтоқсанында Сырдария облысы губернияға айналады. Осы жылдары Ақмешіт уезіне 27 болыстық қараған, соның 8 болысы қазіргі Жалағаш ауданында құрылған. 1920-1925 жылдары Жалағаш болысының ор-

талығы Жалағаш теміржолы стансасы болды. Осы шешімдердің негізінде Аламесек болыстық атқару комитеті құрылып, оған 44 ауылдық кеңес қараған. 1925 жылдың 15 мамырында Жалағаш, Терезек болыстықтары Қараөзек болыстығына, Жөлек, Сорқұдық, Телікөл Шиелі болыстығына қараса, Қаракөл Қуандария, Қостам, Қышбөгет, Көткеншек болыстықтары Аламесек болыстығына қарап, орталығы Аламесек №3 ауылы болып белгіленген.

Аудан жерінен ежелгі Қызылорда-Қарақалпақ керуен жолы өтеді. Бүкілодақтық атқару комитетінің 1928 жылдың 17 қаңтарында Қызылорда уезі таратылып, оның құрамындағы болыстықтар Қызылорда округі болып қайта құрылған. Округте Аламесек болысы Аламесек ауданы, Қараөзек болысы Қараөзек ауданы, Қызылорда мен Сұлутөбе болыстықтары Қызылорда ауданы, Шиелі болысы Шиелі ауданы болып қайта жасакталды.

1930 жылы 17 желтоқсанда Бүкілодақтық атқару комитетінің (23 шілде 1930 жылғы) қаулысы негізінде Қызылорда округі таратылып, Аламесек ауданын Қызылорда ауданына қаратқан Аламесек ауданы Аламесек ауылы болып аталған. 1934 жылы Қараөзек МТС құрылған. 1935 жылы құрылған Аламесек МТС-не 51 ауыл қараған.

Жоғарыдағы сұрағымызға келсек, шығысында үш аудан мен батысында үш ауданның қақ ортасында орналасқан Жалағаш атауының да ел аузында бірнеше тарихи нұсқасы айтылып жүр. Жалағаш ауданының солтүстік шығысында «Жалағаш төбе» деген жер бар. Бұлай аталуына биік құмды төбеге ешқандай есімдік, бұта өспейтіні себеп болса керек. «Жалағаш» атауы аудан атына

таңылып, кейін дыбыстық өзгерістерге ұшырауы салдарынан «Жалағаш» атанып кеткен деген әңгіме бар. Ал енді екінші бір нұсқада бүгінгі аудан орталығының орнында желегі саялы, аспанмен астасқан жалғыз ағаш өскен дейді. Бұл да уақыт өте келе қысқартуларға ұшырап, «Жалағаш» аталып кеткені айтылып жүр. Шындыққа жанасатыны соңғы нұсқа секілді.

Жалағаш ауданы құрылмай тұрып, XIX ғасырдың соңына қарай дария бойын жағалай Батыс пен Шығысты жалғайтын теміржол түседі. Ол кезде Сырдария өзенінің арнасы көң, ағысы да қатты. Өзен бойында қалың қопа қамыспен бірге Сыр талдары да көп өсіпті. Тамырын тереңге байламайтын бұл ағаш тез бой алып кеткенімен, мөлшерден тыс көтерілген ызадан немесе дүлей дауылдың әсерінен тамырынан қопарыла құлайды. Су бетіндегі ағаштың құшақ жетпейтін қалың дөңбек діңін дарияның арыңды ағысы жағаға шығарып, тау-тау етіп үйіп тастайды екен. Суда жатқан ағаштың қабығы аршылып жалбырап жалданып кететіні белгілі және ол жолуашылар келе жатқан адамның көзіне мен мұндап алыстан шалынады екен. Көлікте жүргеннен алыс жол адамды қауіпті ағаштарды көргенде «Өзенге жаңындадық, жал-жал ағаштар көрінді» деп қуанады екен.

Міне, осылайша ауданымыз ел аузында Жалағаш атанып кеткен деседі. Бірақ аудан атауына мұның қайсысының нақты келетінін білмейміз. Әлі де зерттеуді, нақтылауды қажет етеді.

Ж.ЖАЗКЕН

Мұра



Сәтбай кесенесі

Туған өлке — тұнған тарих

Халқымыздың тәуелсіз мемлекет құрып, ұлттың азаттығын сақтай білуі қаншалықты маңызды болса, сол мемлекеттің шынайы да танымды тарихын жазып, келер ұрпаққа жеткізе білу де соншалықты маңызды. Өткеннің тарихын білмей, болашаққа қадам баса алмайсың. Келешек үшін жасалатын кемел істердің, игі бастамалардың, тіпті әлемдік өркениетте орын алу үшін де кім екенінді, қайда туып-өскенінді, туған жерінің тарихын білу маңызды. Өйткені тарих — ұлттың жады. Құрылғанына ғасырға жуықтаған Жалағаш жерін шежіре тұнған мекен деуге болады. Себебі бұл өңірден ақын да, батыр да, дана да, ғалым да, шайыр да, ахун-ишандар да шыққан.

Сәтбай кесенесі

Бұл кесене Сыр бойы қазақтарының «үйтам» үлгісі бойынша салынып, көлемі 25x25x6 см ортағасырлық күйдірілген қыштан тұрғызылған. Іргетасы мен табаны да сол кірпіштен өрілген. Есігі батыс жаққа қараған. Кесене портал салу арқылы ерекшеленіп тұрады.

Тарихи зерттеулерге сүйенсек, кесененің сыртық көлемі — 8,2x8 метр, жалпы биіктігі — 5,7 метр. Порталдың биіктігі — 4,5 метр, төрт бұрышына 4 мұнара тұрғызылған. Өр-

қайсысының биіктігі 3,6 метрді құрайды. Кесене біркамералы, төбесі күмбезделіп кетеді. Ішінде төрт қабір жатыр. Төздегі үлкен қабір Сәтбайдікі, қалған үшеуіне нөмерелері жерленген.

Кесененің ішкі беті ортағасырлық сылақтың бір түрі «ғанч» ерітіндісімен сыланған. Бірақ сыланған жерлер опырылған тек өр жеріндегі сілімдері ғана сақталған. Кесененің іші киіз үйдің жабдықталуына ұқсас безендірілген және ол үшін архитектурамен тығыз байланысты монументалды живописьтің бір түрі «сграфито», яғни

қабырғаға салынған немесе сызылған суреттер техникасы пайдаланылған. Қабырғаларға сол кездегі қазақтардың көшін бейнелейтін суреттердің фрагменттері панорама үлгісінде майлы бояумен салынған. Суреттерде қой, жылқы айдалып, жүк артылған түйелер, сол сияқты сәйгүлік ат жетектеген атсейістер мен шабандоздар, қыз-келіншектер мен жігіттер көрінеді. Табиғат көріністері, киік, қасқыр, тағы басқа жабайы аңдардың суреттері тұтас композицияда панорамаға енген. Суреттер толық сақталмаған, көп жерлері өшіріліп, түсіп қалған. Қабырғалардың кейбір жерлерінде қызыл және көк түстермен салынған ою-өрнектердің фрагменттері де ұшырасады. 2005 жылдың сәуір айында кесенеге «Қорғау» тақтасы орнатылған.

Піреке мешіті

Бұл мешіт бүкіл ғұмырын мешітте балаларды мұсылмандыққа оқытуға арнаған, жергілікті халықтың діни сауатын ашуға көп еңбек сіңірген Піреке деген молданың атымен аталады.



Піреке мешімі



Шойбас байдның кесенесі

Шойбас байдның кесенесі

Кесене Жаңадария ауылының оңтүстігінде «Шойбас» деген жерде орналасқан. Салынған уақыты — шамамен XIX ғасырдың екінші жартысы.

Кесене Сыр өңірінде тұратын қазақтардың «үйтам» үлгісі бойынша, көлемі 30x21x7,5 см болатын қам кесектерден салынған. Біркамералы, порталды-күмбезді құрылыс. Кесененің ішкі-сыртқы беттері сабан сылақпен қалың сыланған. Жебе тәрізді етіп қаланған қуыстың ішінде орналасқан есігі бар, портал батыс жаққа

қаратып салынған. Кесенеге кіреберіс есігін арқа тәрізді үшбұрышты етіп жасаған. Жалпы пішіні парабола тәрізді күмбез цилиндрлі күмбезбасты барабанның үстінде орналасқан. Күмбез мықты болып шығу үшін арасына сексеуілдің бұтақтарын қоса қалап жіберген. Күмбездің төбесінде ішке жарық түсу үшін бірнеше арнайы тесіктер қалдырылған. Квадрат пішінді камераның жоғарыдағы күмбездің шеңберіне қарай жалғасып кетуіне жебе тәрізді үшкір камера бұрыштарынан сыртқа қарай бірте-бірте шығынқы, яғни көлбеу етіп қаланған. Бұл «парустар» камера еденнен 2,1 метр биіктікте бастау алады. Камераның оңтүстік және солтүстік қапталдарында бір-біріне қарама-қарсы жебенің ұшы тәрізді етіп жасалған қуыс-тесіктер қалдырылған. Кесененің дәл ортасында бір қабірдің орны жатыр. Төрт бұрышында жалпы формасы домалақ болып келетін төрт бағана тұрғызылған. Кесене — Сыр өңірінің Жаңадария және Қуандария өзендерінің кепкен арналары аумағында жиі ұшырасатын жергілікті тайпалардың мемориалдық күмбезді құрылыстарының бір үлгісі ретінде құнды архитектуралық нысан.

Туған жердің тарихын айтып тауысу мүмкін емес. Өңірде бұл секілді тарихи-мәдени маңызға ие киелі орындар көптеп саналады. Сол тарихи мұраларымызды күтіп-ұстап, дөрітпей білу — кейінгі ұрпақтың парызы. Өрине, мұның әрқайсысы — тарихи құндылық, ұрпаққа асыл мұра.

Жандос АРЫН

Газетіміздің келесі саны 25 қазан жұма күні шығады.

Меншік иесі:
СЫРМЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ
Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс № 1659